<b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b>	<p>Сауат ашу негіздері "[д] дыбысын таныстыру". Мақсат-міндеттері: [д] дыбысымен таныстыру. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуды үйрету. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p>Қазақ тілі "Оқтауы бар түлкі" ертегісін әңгімелеу. Мақсат-міндеттері. «Оқтауы бар түлкі» ертегісінің сюжетін еске түсіру; өлшемнің үш түрі: үлкен, орта, кішкентай ұғымдарын бекіту; эмоциялар туралы түсініктерді дамыту; адам қонаққа барғанда сыпайы мінез-құлық көрсетуі; жануарлар туралы, ертегілердің жанры туралы білімдерін кеңейту; қазақ тіліндегі ертегінің мазмұнын түсінуді, ертегі кейіпкерлерінің жиі қайталайтын сөз тіркестерін және сөздерін еске сақтауды үйрету; сөйлеудің эмоционалдылығы мен экспрессивтілігін дамыту; ертегілердегі жануарлардың кейіпкерлерінің мінезі адам мінезіне ұқсайтынын</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[д] дыбысын қайталау" Мақсат-міндеттері: [д] дыбысын таныстыру. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуды қайталау. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p>Математика негіздері "Жыл мезгілдерінің саны неге төртеу?" Мақсат-міндеттері. Балалардың "сегіз" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "сегіз" жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту. Музыка "Желтоқсан". Мақсат-міндеттері. Балалардың желтоқсан туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге және музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратуды үйрету. Тіл дамыту Кел, жаттайық! Ә. Асылбеков «Әдептілік әліппесі». Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру.</p>	<p>Математика негіздері Жыл мезгілдерінің саны неге төртеу? (Бекіту) Балаларда «сегіз» саны туралы және оның ең аз элементтері туралы түсініктерді дамыту. «Сегіз» санын тану, атау білігін бекіту, саны сегіз жолақты ұзындығына қарай өсу және кему ретімен бір-бірінің тұсына қойып салыстыру тәсілін жетілдіру; жылдың төрт мезгілі, қыс мезгіліндегі тәуліктің ұзақтығы қандай болатыны туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Қазақ тілі Ш-Ж дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттері. Балаларды [-ш], [-ж] дыбыстары және Ш ш - Ж ж әріптерімен таныстыру; Ш - Ж әріптерін ауада жазып көрсету; [-ш], [-ж] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, есту арқылы ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-ш], [-ж] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің</p>	<p>Математика негіздері "Жыл мезгілдерін ажырата білесің бе?" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы "сегіз" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білуді жаттықтыру.</p> <p>Тіл дамыту "Кел, жаттайық! Ә. Асылбеков «Әдептілік әліппесі» пысықтау. Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіруді пысықтау. Музыка "Отаным". Мақсат-міндеттері. Балалардың бойында туған жеріне мақтаныш сезімін ән айтқызу арқылы қалыптастыру; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру.</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру "Желдің күші". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында жел туралы түсініктерін қалыптастыру; желмен тәжірибелік жұмыс жасауды үйрету.</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Т-Д дыбыстары". Мақсат-міндеттері: сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p>Құрастыру "Чунга-Чанга аралынан пошта келді". Мақсат-міндеттері. Балаларға қатты қағазды екіге және бірнеше рет қайтара бүктеу әдісі бойынша пілді құрастыруды үйрету.</p> <p>Дене тәрбиесі "Арақашықтықты сақтаймыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға қадамды алмастыра жүру; орнынан биіктікке секіру; құрсаудың ішіне кіру (биіктігі 50 см), көлбеу басқышқа шығу; шеңбер жасағанда қолды жан-жаққа созып тік тұру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Көркем әдебиет "Шарль Перронның «Ұйқыдағы ару» ертегісін оқу"</p>

	<p>түсінуге жағдай жасау; есту және визуалды еске сақтау, ойлау, үйлесімді сөйлеу негізін, коммуникативті және әлеуметтік дағдыларын дамыту.</p> <p>Дене тәрбиесі "Бір аяқпен кезек-кезек секіруді пысықтау". Мақсат-міндеттері. Балаларға түрлі жылдамдықта баяу және жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 мин тоқтаусыз жүгіру; қосалқы қадаммен арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді пысықтау.</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру "Балық аулаудың бабы". Мақсат-міндеттер. Балаларға адамның және жабайы аңдардың қысқы тіршілігінің жазғы тіршіліктен айырмашылығын балықты аулау мысалында, бақылау барысында көрсету; балаларды еңбекті және объектілерді бақылауда зеректігін ұштау; адамның жалдың екі мезгілінде балық аулау еңбегін салыстырып, ортақ ұғымдарды табуға машықтандыру; қорек немесе азықтың зор еңбекпен табылатыны туралы ұғымдарды жетілдіру; байыпты, ұғымтал болуды тәрбиелеу.</p>		<p>басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыландыру.</p> <p>Дене тәрбиесі "Биіктігі 60 см кедергі заттар арқылы өрмелеп өту". Мақсат-міндеттері. Балаларға биіктігі 60 см кедергі заттар арқылы өрмелеп өтуді үйрету. Көркем әдебиет "Ә. Дүйсенбиевтің «Қыс» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу" қайталау. Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Табиғат құбылыстарының сұлулығын сезінуді үйретуді пысықтау.</p>		<p>Мақсат-міндеттер: Балаларды Шарль Перронның «Ұйқыдағы ару» ертегісімен таныстыру; ертегінің мазмұнын, идеясын, кейіпкерлердің әрекеттерін түсінуді, еске сақтауды үйрету; балалардың байланыстыра сөйлеу, шығармашылық, ізденімпаздық қабілеттерін дамыту; ақыл-ойын, қиялын жетілдіру; мейірімділікті, төзімділікті бағалауды тәрбиелеу; ертегілер әлеміне қызығушылықты дамыту.</p>
--	--	--	--	--	--

<b>2-ші таңғы ас</b>	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.				
<b>Серуен</b>	<p>Маусымдық өзгерістерді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды). Қыстың басында табиғатта қандай өзгерістер болатыны туралы түсінік қалыптастыру (түн ұзарады, күн қысқарады).</p> <p>«Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаш тамырларын қармен толтыру. Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.</p> <p>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Шеңбер бойымен, түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу</p>	<p>Алғашқы қарды бақылау. Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстарының бірі, қар туралы білімдерін кеңейту. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.</p> <p>Ұйқыдағы баладайын, Баладайын пәк жүрек, Ұйып қапты қырда қайың, Киім киіп ақ жібек. Зерттеу. Қар ұлпаларын алақанға ұстап алу; екеуін салыстыру; қардың қай жерде жылдам еритінін анықтау; қар әлі ерімеген жерді табу.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаш тамырларын қармен оқшаулау. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Қардың қорғаныш қасиеттері туралы ойды бекіту.</p>	<p>«Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Торғайды бақылау. Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құстарды ажырата білуді дамыту, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Торғай туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; құстардың мекендеу орны (бақша, бак), қозғалу тәсілі туралы бекіту. Құстарды әртүрлі белгілері бойынша ажыратуға, топтастыруға үйрету. Жақан Смақов "Торғай ағаш қорғайды" Шыр-шыр еткен торғайды Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкентай торғайлар Ағаштарды қорғайды.</p> <p>Таспен атып торғайды, Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жемсауытты қардан тазарту, құстарға жем шашу. Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге,</p>	<p>Қардың түсуін бақылау. Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстарының бірі, қар туралы білімдерін кеңейту. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қыста жауатын қардың жауыны туралы білімдерін бекіту. Ғабиден Құлахмет «Аппақ қар» Қыс қандай әсем еді, қара, далам, Бір арман – ақ боз жеккен шана маған.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.</p> <p>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.</p>	<p>«Қауіпсіздік». «Экология». Күнді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. күннің мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы түсініктерін кеңейту. "Өлі табиғат" ұғымын бекіту, оған күннің жататынын анықтау; күн мен маусымдық табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға, түсінуге үйрету. Күннің көзіне тура қарамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту, фотопленканы, күн көзілдірігін пайдалануды ұсыну. Жүмекен Нәжімеденов "Көкжиектен көтерді күн кірпігін...". Көкжиектен көтерді күн кірпігін. Ерке сұлу күле оянды құрбысы-ау. Шәлі-бұлттың мойнына іліп жыртығын Күн сәулесін қабыл алып тұрды тау.</p>

<p>қарқынмен жүгіре білуді жетілдіру.</p> <p>Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшандыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер бойымен жүріп мына сөздерді айтады:</p> <p>"Лақтыру - ұстау" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу қабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда балалардың белсенділігін, дербестігін дамыту.</p> <p>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері: оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен</p>	<p>"Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойында физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық) дамыту; жүгіру дағдыларын жетілдіру; ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>"Соқыртеке".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету, зейінді дамыту, тапсырманың дұрыстығын бақылау; кеңістікті бағдарлай алу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру.</p> <p>Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді).</p>	<p>дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбекке қызығушылықты ояту.</p> <p>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойында физикалық қасиеттерді дамыту.</p> <p>Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі. "Мен – түлкі!" белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үйлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу.</p> <p>"Нысанаға тигіз" қимыл-қозғалыс жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыра білуді дамыту; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».</p> <p>Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Арқан тарту» ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ұлттық ойынды жаңғырту, ойынға қызығушылықтарын арттыру; ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; физикалық</p>	<p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу.</p> <p>Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады.</p> <p>"Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады.</p> <p>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады.</p> <p>"Жалаушаны қағып кетпе" ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Нысандарды құлатпай, олардың арасында "жыланша" секілді жүруді жалғастыру; қимылдарды үлестіруге баулу, зейін мен бақылауды дамыту.</p> <p>"Аққала ойыны" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыра білу қабілетін дамыту. Күш-жігерді жетілдіру, тепе-теңдікті сақтауға, мергендікке, дәлдікке баулу.</p>	<p>Көтеріп тұр күмісімді-көгімді, Сәуле бұлтқа біздің туды байлады.</p> <p>Сәуле, сәуле, сәуле көкпен төгілді, Сәуле мына жер-әлемді жайлады.</p> <p>«Өнегелі тәрбие».</p> <p>«Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдағы қарды тазарту.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушыға көмектесу. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.</p> <p>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап секіруге дағдыландыру.</p> <p>Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады</p> <p>Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен</p>
---	---	--	---	--

	(арақашықтығы 3 метр), белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту.	Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.  Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: "Нысанаға тигіз" ойыны. Мақсат-міндеттері. Затты лақтыру күшін дамыту.	қасиеттерді: күшті, шыдамдылықты, икемділікті, ептілікті дамыту; достық қарым-қатынас құруға тәрбиелеу.  Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қар кесектерін алыста тұрған нысанаға лақтыру.	Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету.	ойындар: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Орнынан ұзындыққа секіру техникасымен жаттығуды жалғастыру.
<b>Серуеннен оралу</b>	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дербес әрекет) Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Женді тұру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.				
<b>Түскі ас</b>	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.  Көркемсөз Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жанғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын.	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.  Көркемсөз Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.  Көркемсөз Нан анасы бидаймын, Елге астық сыйлаймын. Дәнім толып піскенде, Қауызыма сыймаймын. Ақ, қарамын, сарымын, Мен өнімді тарымын. Халқым еңбек сіңірсе, Қайтарамын қарымын.	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.  Көркемсөз Қуанады анашым, Таза оның баласы. Маңдайымнан сипайды, Саусағының саласы.	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.  Көркемсөз Ей, балалар, балалар, Бар қасиет нанда бар! Тоқаш, бөлке көп болар, Тәттіге жұрт тоқ болар.
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Өз төсек орнын тауып, жатуды үйренеді.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе

	«Оқтауы бар түлкі» ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады. (музыка)	арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алдар көсенің сиқырлы шапаны» ертегісін оқып беру.	арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ақша иісі» ертегісін тыңдату.	арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба».
<b>Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</b>	<p>Нүктелі массаж. Суық тиюіне және тұмауға қарсы жаттығуларды орындау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Тамағымыз ауырмау үшін, тамағымызды қолмен жоғары - төмен уқалау.</li> <li>- Түшкірмеу, тұмауратпау үшін, сұқ саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкелеу.</li> <li>- Қолымызды маңдайға қойып уқалау.</li> <li>- Құлағымыз ауырмау үшін, сұқ және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалау.</li> </ul> <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі) «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу; өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су сияқты факторлар туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. "Сауықтыру жолағымен жүру".</p>				
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b>	<p>Дидактикалық ойын. "Маталар жәрмеңкесі". (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларға табиғи және жасанды мата түрлерін ажыратуды үйрету; мата түрлерін қолмен ұстап, саусақпен сипап көру, өзара салыстыру сияқты зерттеу тәсілдерін үйрету. Түйсік, зейін, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; талғампаздыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Құралдар.</p> <p>Табиғи маталар кескіндері: мақта мата (сиса, батист,</p>	<p>Дамытушы жаттығу. "Не жоқ?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың қабылдау, зейін, еске сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі заттар мен ойыншықтар.</p> <p>Шарты. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтарды немесе заттарды, жазықтықта әрқалай орналастырып, бір топ күйінде ұсынады. Алғашында саны 6-дан басталады, содан кейін 10-12-ге де жеткізуге болады.</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап". (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың фонематикалық есту қабілетін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; кез келген сөздің дыбыстық құрамына көрсетілген кестеге қарап, аталған дыбыстың орнын табуға жаттықтыру; сөздік қорды байыту. Құралдар.</p> <p>Заттардың көрнекілік суреттер мен олардың сөздеріне құрылған дыбыстық құрамының кестелері.</p>	<p>Логикалық ойын. "Келешекте неге айналады?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам және жан-жануарлардың тіршіліктері туралы білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар.</p> <p>Заттық суреттер немесе мнемочарткалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана беруі мүмкін.</p>	<p>Дамытушы жаттығу. "Қанша затты көрсең, сонша санды көрсет". (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың әрқалай орналасқан заттарды, көзбен көріп, санап алу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуге ынталандыру; қабылдау, зейін, қабілеттерін, ой шапшандығын дамыту. Құралдар.</p> <p>Түрлі заттардың топтамалары кез келген жиындарда салынған көрнекілік карточкалары; үлестірмелі сандар.</p>

<p>атлас, джинсы), зығыр мата; жүн мата (драп, киіз мата); жібек мата (шифон, жаккард, атлас); жасанды маталар (вискоза, плащ матасы).</p> <p>Педагог қанша мата түрін зерттеуге болатынын, қалыптасқан жағдайларға сүйеніп, ойынды ұйымдастырады.</p> <p>«Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру.</p>	<p>Балалар көзін жұмып тұрады, педагог ойыншықтардың бірін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың жоқ екенін айтады. Ойын бірнеше рет қайталанатын.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Аспазхана". (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынас құруды үйрету, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. Құралдар. Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдар. Ойын аяғында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Адамдарды дәмді тағаммен тамақтандыру үшін, аспазхана қызметкерлері көп еңбектенетінін айту. Ойында "рақмет", "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында тыныштық сақтау,</p>	<p>Ойынның күрделі нұсқасы. Белгісіз сөздердің дыбыстық құрамдарының кестелері ұсынылады. Балалар кез келген кестеге қарап, сөздерді кестесіне салып, педагог атаған дыбыстың орнын табады.</p> <p>«Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет". (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны туралы мәлімет беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру. Балаларға "тауар", "баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негізінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру.</p>	<p>Шарты. Педагог атаған жанды немесе жансыз объектіге, көрсеткен суретке қарап, объектінің немесе құбылыстың келешекте неге айналатынын айту керек. Педагог: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс келешекте не болады?"</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана". (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР дәрігер, хирург, мейірбике) туралы ұғымдарды нығайту; медицина қызметкерлерінің ауруханада атқаратын рөлі неде екенінің анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, қолғаптар (перчаткалар); ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар. Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздері қаралатын жағдайлар туралы өзара келісіп алады.</p>	<p>Сюжетті-рөлдік ойын «Телестудия». (қарым-қатынас, еңбек, зерттеу, танымдық іс-әрекеттері) Міндеттері: Телевизия қызметкерлері туралы, олардың мамандықтары мен еңбегі жайлы түсініктерін қалыптастыру; еңбек нәтижелерінің мазмұны, сипаты мен маңыздылығын түсіндіру; байланыстырып сөйлеу дағдыларын, қиялын, коммуникативтік қабілеттерін дамыту; сөйлеу мәнері, мимика мен ым-ишараны көркем жеткізе білу қабілеттерін жетілдіру; топпен өзара әрекеттесу, келісу, өзгенің рөлін, пікірін құрметтеу дағдыларын дамыту. Қажетті құрал-жабдықтар: Ойыншық немесе картоннан жасалған камера (қораптан жасауға болады); Микрофон (фольгадан немесе картоннан жасалған); Жүргізушіге арналған үстел мен орындықтар; Жаңалықтар, ауа райы болжамы, афиша және т.б. жазылған карточкалар; Рөлдерге арналған атрибуттар: бейдждер, құлаққаптар, блокноттар, папкалар, реквизиттер;</p>
---	--	---	--	---

		асықпай тамақтану, құралдарды дұрыс пайдалану, қоғамдық орындарда тәртіпке бағыну.			
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	"Жұмбақты ойдан шығару" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; дүниетанымын кеңейту.  Дидактикалық ойын. «Шектес сандарды ата». Мақсат-міндеттері. сандар қатары туралы түсініктерін тиянақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын ережесі: бұл ойын үшін бірнеше бөліктен жасалған карточка болу керек. Торкөзге жазылған сандар, ал бір торкөзге сан жазылмайды. Балалар сол жоқ санды тауып алып атау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады.	"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту.	Жаңылтпаштар оқу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Жабайы маралдар бар, Араларында жаралы маралдар бар.  Есет атам ет асатар, Ет асатса бес асатар.	Көркемсөзді мәнерлеп оқу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді жатқа айтуға, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Тақпақ жаттау. Төлеу Шахановтың тақпақтары. "Тиін". - Аңдып тұрған жау жоқ па?- Деп, қарайды ол жан-жаққа. Шыбын жаны тәтті ғой, Тәтті-ау, бірақ жаңғақ та.	Шығармашылық уақыты. "Ғажайыптар қалашығы". (шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың түрлі материалдардан (лего, құм) құрылыс жасауға құштарлығын жетілдіру.
<b>Серуенге дайындық</b>	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дербес әрекет) Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.				
<b>Серуен</b>	«Қауіпсіздік», «Экологиялық тәрбие», «Үнемділік». Ауа райын бақылау. Қыстың басы. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	«Қауіпсіздік». Көліктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Көліктерді мақсатына қарай ажырата білуді үйрету; жүргізуші	Қыстайтын құстарды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Құстардың сыртқы түрі мен	«Өнелегі тәрбие». «Қауіпсіздік». Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	«Қауіпсіздік». «Экология». Кеш мезгіліндегі күнді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)

<p>Мақсат-міндеттері. Қыс мезгіліне тән тірі және өлі табиғаттағы маусымдық құбылыстарды (суықтың түсуін, желдің ызғарлығын, қардың жауғанын) байқауға; тірі және өлі табиғат арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға үйрету; қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру. Суық мезгіліне дайындықтың мағынасын, адамның жылы киіну ережесін ұстануды талқылау. Балаларға күздің басындағы және қыстың басындағы байқаған ауа-райының айырмашылығын табуды, атауды ұсыну. Мұқағали Мақатаев "Қыс келген күні" Тысқа шықсам, Күн шыңылтыр, қар жауған. Ызғар, аяз атырылып бар маңнан, Асып анау асқар-асқар таулардай, Қыс жетіпті тонын теріс аударған.</p> <p>Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау.</p> <p>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына</p>	<p>мамандығына қызығушылығын, оның еңбек әрекеттерін игеруге ұмтылысын қалыптастыру. Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары), жол қозғалысының қарапайым ережелерін сақтауға ынталандыру. Оразақын Асқар «Машина» Машина істе – серігің, Жолға шықсаң – көлігің. Айта қойшы, сен, інім, Шығаратын оны кім? Тас қорытып домнада Металл құйса құрышшы, Машинаны заводта Жасар іскер жұмысшы. – Балалар, жол ережесін қарастырғанда жол қозғалысы кезінде, көшеде біз қалай аталамыз? – Жүргіншілер жүретін жеке жолдар бар ма? Атасандар. – Көліктер жүретін жолды қалай атаймыз? – Егер жүргіншіге жолдың арғы жағына өту керек болса, не істеу керек?</p> <p>"Нысанаға тигіз" қимыл-қозғалыс жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыра білуді</p>	<p>тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білуге, қамқорлыққа тәрбиелеу. Суықтардың келуіне, қоректің жетіспеушілігіне байланысты, қыстайтын құстардың адамның мекеніне жақын жерге қоныстанатынына көңіл аудару. – Балалар, қыстайтын құстарды атайықшы. – Өздеріңе жақын жерде тұратын құстар туралы не білесіңдер? – Олар немен және қалай қоректенеді? – Адам құстарға суық мезгілде қандай қамқорлық жасай алады? Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Тұманбай Молдағалиев "Құстар" Алманы қарға шоқиды, Көкқұтан кітап оқиды. Ұшып кеп ағаш басына, Ала сауысқан қоқиды.</p> <p>"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Аула тазалаушы еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға тәрбиелеу; адамның еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.</p> <p>Терезе сыртында не деген ғажайып! Алақай! Қыс түсті аулаға марқайып. Аппақ қар, үлпілдек, жер бетін жаулаған, Аулада балалар қарларға аунаған.</p> <p>Аулашы ағайдың, байқасақ, таң атпай Қолынан түспейді күрегі алыптай. Көппіз ғой, балалар, шығайық аулаға, Көмекші болайық аулашы ағайға. (Дина Ахметова) – Балалар, аула тазалаушы қандай жұмыстар атқарады? – Аула тазалаушының жұмыс құралдары бар ма? Оларды атап көрейік. – Қандай құралды қай уақытта қолдану керектігі неге байланысты. – Біз ол кісіге қандай көмек көрсете аламыз? – Еңбек құрамдармен жұмыс жасауда қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?</p>	<p>Мақсат-міндеттері. "Өлі табиғат" ұғымын бекіту, оған күннің жататынын анықтау; күн мен маусымдық табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға, түсінуге үйрету. Күннің көзіне тура қарамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту, фотопленканы, күн көзілдірігін пайдалануды ұсыну. Кешкі уақытта күннің көлемі, күндізгіге қарағанда, едәуір үлкен, түсі қызылға айналатынын, суық маусым кезеңінде күн ерте бататынын байқату. Аспан көгін баурап алып, жайғасқан, Таңнан бері біздің ойға ұласқан, Күн қарайды оттай жылы жүзімен, Күн сайын ол қоштасады құзымен.</p> <p>Түн кезегін күманданбай береді, Таң атқанша жауап сұрап келеді: – Сағындың ба, адам, күтіп бүгінді? Жарығың боп мен бастайын күніңді. (Д. Ахметова)</p> <p>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p>
--	---	---	---	--

	<p>сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады.</p> <p>"Жалаушаны қағып кетпе" ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Нысандарды құлатпай, олардың арасында "жыланша" секілді жүруді жалғастыру; қимылдарды үлестіруге баулу, зейін мен бақылауды дамыту.</p>	<p>дамыту; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: самалжайды тазалау, ұсақ қоқысты (контейнерге) жинау. Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау.</p> <p>Өзіндік еркін ойындар. (дене тәрбиесі, шығармашылық, қарым-қатынастар іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін, ынта мен шығармашылықты арттыру; өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.</p>	<p>танытуға баулу. Балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, қимылдарды үйлестіріп, жылдам шеңбер бойымен жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Лақтыру - ұстау" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу қабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда балалардың белсенділігін, дербестігін дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойындар. Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін, ынта мен шығармашылықты арттыру; өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.</p>	<p>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.</p> <p>Өзіндік еркін ойындар. Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін, ынта мен шығармашылықты арттыру; өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойында физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік) дамыту. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі. "Мен – түлкі!" белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үйлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: серуенге шығарылған ойын жабдықтарын жинау. Мақсат-міндеттері. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Ойыншықтар мен заттар адамның еңбегі нәтижесінде пайда болатынын ескерту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
<b>Кешкі ас</b>	<p>Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p>

	«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.	«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.	«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.	«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.	«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b>	Шығармашылық дағдыларды дамытуға арналған ойындар. (шығармашылық іс-әрекет) Музыкалық аспаптармен ойындар. (шығармашылық іс-әрекет, музыка) Міндеттер. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Өнер бұрышында білім тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Еркін ойындар.	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Міндеттер. Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту. Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.	Шығармашылық дағдыларды дамытуға арналған ойындар. (шығармашылық іс-әрекет) Музыкалық аспаптармен ойындар. (шығармашылық іс-әрекет, музыка) Міндеттер. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Өнер бұрышында білім тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Еркін ойындар.	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Міндеттер. Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту. Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.	Шығармашылық дағдыларды дамытуға арналған ойындар. (шығармашылық іс-әрекет) Музыкалық аспаптармен ойындар. (шығармашылық іс-әрекет, музыка) Міндеттер. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Өнер бұрышында білім тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Еркін ойындар.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналарға кеңес. "Балаларды суықтан қалай қорғауға болады?"	Ата-аналарға тапсырма беру.	Жоба ұйымдастыру. "Жаңа жыл мерекесіне арналған көрме". Жаңа жыл көрмесіне шырша жасау.	"Баланың қимыл белсенділігін қалыптастыру үшін отбасы қандай үлес қоса алады" тақырыбында әңгімелесу.	"Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу.